«Математика әрқашан қоғамды, мемлекетті қозғайды. Ол ғылым тілін, жоғарғы тілді жасайды және сол арқылы өзге ғылымдар дамиды. Қоғамның дамуына көмектесетін ең күрделі міндеттерді шешуге

атсалысады», – деген пікірімен бөлісті. Сондай-ақ дәріскер Құдай саны, Фибоначчи санының құпияларына тоқталды. Алгебрисің пікірінше, жер бетінде жасалған барлық нәрсе санмен байланысты, тіпті адамның ДНҚ-сы Фибоначчи санымен байланысты. Оны математиктер кезінде есептеп шығарған.

Кездесу барысында оқу орнының механика-математика факультетінің оқытушысы дәріскердің дәлелдерін қолдап, қазақтың домбыра аспабын жасауда қолданылатын «Алтын қима саны» жөнінде мысал келтірді. Ол дәл математикалық есептеумен ғана керемет дыбысталған және дұрыс таяныштары бар мінсіз қазақ домбырасын жасауға болатынын жеткізді. Алайда бүгінгі таңда бұл ережені барлығы біле бермегендіктен, көбіне домбыралардың дыбысы мен сапасы төмен деңгейде қалып жататынын мәлімдеді.

Осылайша математиктер қазіргі әлемде әр адамның және заттардың өзіндік геометриясы бар деген ортақ тұжырымға келді. Бұл өз кезегінде көптеген өзекті мәселелерді шешуге көмектесетіні атап өтілді.

Сондай-ақ шетелдік ғалым аудитория сұрақтарына жауап беріп, өз көзқарастары және тәжірибесімен бөлісті.

Айта кетсек, Уалбай Өмірбаев Нагата гипотезасын және ағылшын математигі П.Конаның еркін ассоциативті алгебралардың автоморфизмдері туралы белгілі мәселесін шешкен. Бүгінде ҚазҰУ-ға арнайы шақырылып, Математика кафедрасында шетелдік профессор ретінде жұмыс істейді.

Әйгерім ӘУЕЗХАНҚЫЗЫ



**28 маусым – Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері күні қарсаңында қалам ұстаған елге танымал әріптестерімізді әңгімеге тартып, жылы лебіздерін тыңдап едік. Олар игі тілегін айта отырып, журналист мамандарын даярлау, олардың қоғамдағы орны жайлы ойларымен де бөлісе кетті.**

**Нұртөре ЖҮСІП,**  
ҚР Парламенті Сенатының депутаты:

## Журналист – жауапты мамандық

– Журналистика саласындағы әріптестерімді баспасөз қызметкерлерінің төл мерекесімен құттықтаймын! «Қазақ университеті» газеті – журналист мамандардың алғашқы баспалдағы. Қаншама түлек осы жерде тырнақалды туындыларын жариялады. Жазу әлемінің айдынында желкен керді. Бұл – теория мен практиканың үйлескен жері.

Журналист мамандығы – жауапты мамандық. Ең алдымен қоғамдық ойдың қозғаушы күші. Әділеттің жаршысы, ақиқаттың жоқшысы санатында журналист қауымы жаңа Қазақстанның ең белсенді құрылысшысы бола бермек. Сондықтан маңызы зор төл мерекемізде қасиетті қара шаңырағымыз – қазақ журналистерінің ұстаханасы болған Әл-



Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жасай берсін дегіміз келеді. Білім ордасында тәлім алған түлектер ел игілігі жолында адал қызмет етсін! Ел аман, бейбіт заман болсын!

**Төрехан ДАНИЯРОВ,**  
«Алматы ақшамы» газетінің бас редакторы:

## БАҚ өкілдерінің арнайы мәртебесі бекітілуі керек

– Қоғамдағы журналистиканың рөлін халық жақсы біледі. Бүгінде елдің көзі ашық, көкірегі ояу. Жұртшылықтың ішкі мәдениеті мен жалпы сауаты жоғары деңгейде деуге болады. Ол білім беру саласының ғана емес, сонымен бірге өмірдің сан саласын қамти отырып, хабар беретін және танымдық дүниелермен байытып отыратын бұқаралық ақпарат құралдарының да жемісі. Сол себепті қоғамда журналистиканың орны ерекше.

Саяси, экономикалық-әлеуметтік ортамен біте қайнасып кеткен БАҚ жүйесі бүгінде өркениетке сай дамып, жетіліп келеді. Әрине, журналистиканың бет-бейнесі де әр елдің өзіндік даму барысына, ұлттық болмысына сай ерекшеліктерге ие. Біз ақпараттандыру саласында үш есе күшке иеміз. Яғни елімізде халыққа әлемдік, еуропалық, республикалық көлемдегі ақпараттандыру әсері көп көмегін тигізіп отырады. Бұл тұрғыда халқымыздың да, бұқаралық ақпарат құралдарының да төрт құбыласы түгел. Осындай дүниелердің нәтижесінде журналисти-



камыздың да айы оңынан туып тұр.

Десек те, елімізде оның арнайы мәртебесі әлі бекітілген емес. Дәрігерлердің, мұғалімдердің т.б. кәсіп иелерінің мәртебесі сияқты біздің саламыздың да өз мәртебесі болуы керек. Бұл, әрине, шешілетін мәселе деп білеміз. Ал бүгін алдағы мерекемізге байланысты осы салада маңдай тер төгіп, еңбектеніп келе жатқан барша қауымды, әріптестерімді шын жүректен құттықтаймын! Еңбектеріңіз жемісті, тұлғаларыңыз келісті болсын!

**Айнұр СЕМБАЕВА,**  
«Заң газетінің» бас редакторы:

## Ел алғысынан артық марапат жоқ

– Журналистика факультетіне алғаш оқуға түскенде үлгі ететіміз – Ресей журналистері, қарайтынымыз – көрші елдің басылымдары мен телебағдарламалары еді. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында мұндай ахуалдың қалыптасуы қалыпты жағдай болатын. Кейіннен өзге жұртқа телміргенді қойдық. Қазақ журналистерінің де ешкімнен кем еместігін дәлелдеп, жаңа бағдарламалар, жаңа басылымдар бірінен кейін бірі жарық көрді. Тәуелсіз БАҚ-тың көшін өрге сүйрейтін іргелі қадамдар жасалды. Сәкен Сыбанбай, Дәурен Қуат, Роза Қараева, Айгүл Аханбайқызы секілді аға-апаларымызға еліктеп жүргенде қатарымыздан жасындай жарқырап Жанарбек, Есей, Қасым, Жұлдыздар шықты. Қазір де өзгелерге ұқсамайтын қолтаңбасымен, ізденгіштігімен көзге түсіп жүрген іні-сіңлілеріміздің ширақтығына, жаңашылдықты тез меңгеретін қағілез қабілетіне қайран қаламын.

Қазақ басылымдарының ішінде «Заң газетінің» орны бөлек. Біздің редакцияны кішігірім заңгерлер кеңсесі, адвокаттар орталығы десек дұрыс болар. Шаңырағымызға келетіндердің көпшілігі өз құқығын қорғай алмай шаршаған, барар жер, басар тауы қалмаған соң, журналистер көмегіне жүтінген шарасыз жандар. Әр арыздың артында адам тағдыры тұратындықтан, журналистер



мәселе оң шешілуі үшін көп еңбектенеді. Дегенмен азаматтардың арыз-арманы орындалып, мәселе шешілгенде мойнымыздан бір жүк түсіп, жеңілдеп қалатынымызды несіне жасырайық.

Халықтың ақжарма тілегін, алғысын естігенде неше уақыттан бергі бейнеттің ізі де қалмай, журналист болғаның үшін кеуденді мақтаныш кернейтіні тағы рас. Тарығып келіп, тоқ көңілмен үйіне қайтып бара жатқан азаматтарды көрудің өзі ерекше бір тәтті сезім. Шын мәнінде журналист үшін елдің алғысын алғаннан артық қандай құрмет бар? Игіліктің бәрі көпке болсын, жұрт тілеуіне жетсін дейтін кең жүректі журналист әріптестің бәрін кәсіби мерекемен құттықтаймын! Қаламымыз да, өзіміз де шаршамай, халыққа қызмет ете берейік!

**Роза РАҚЫМҚЫЗЫ,**  
журналист:

## Журналистика: берісі – мінез, әрісі – тағдыр



– Журналистика, бәлкім, кезінде керемет мәртебелі мамандық болса болған шығар. Баяғының билері айтқандай, «сөз ем емес, ауыздан шыққан жел есебінде болған» қазіргідей заманда ол соншалықты абыройға ие деп ойламаймын. Бұған, бір жағынан, өзіміз де кінәліміз. Баспасөздің «халық үні, көзі, құлағы» ретіндегі міндетін жиып қойып, жауырды жаба тоқыған, сөз сапырған көңтері кәсіпке айналдырып жібердік. Жауапкершілігіміз тек бір-жақты ғана: яғни жоғарыға жағынуды жақсы білеміз, ал ел, халық алдындағы адалдық көп жағдайда аяқасты болып жатады.


«Стиль – адам» демекші, журналистика, беріден айтсақ – мінез, әріге кетсек – тағдыр. Оған жалпақшешейлік жүрмейді. Адалдық үшін алысып, әділдік үшін тіресіп, сөз майданында табандылық таныта алмасаң, қалың оқырман алдындағы жауапкершілігіңді сезінбесең – «журналиспін» дегенің бекер. Қазақ ұлттық университеті тарихында есімі алтын әріппен жазылуға лайықты Темірбек Қожекеев, Тауман Амандосов, Әбілфайыз Ыдырысов, Файзолла Оразаев сияқты ұстаздарымыз бізді кезінде солай тәрбиелеген. Басқаша болу біз үшін сол бірегей тұлғалар рухына жасалған қиянат болар еді. Жауапкершілік. Адалдық. Табандылық. Мен қалам ұстаған әрбір жас әріптесімнің осы ұстанымды жадына түйе жүргенін қалар едім...



**Дайындаған**  
**Гүлнар**  
**ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ**

**Соңғы уақытта көптеген қазақстандықтар электромобильді таңдайды. Бұл экологиялық таза және үнемді. Алайда электромобильдердің иелері зарядтау мәселесіне тап болады. Әсіресе үлкен тұрғын үй кешендерінің тұрғындарына өз көліктерін қуаттайтын жер жоқ.**

мобильдерді сату 2021 жылы үш есеге жуық өсті және жалпы әлемдік көлемнің жартысына жуығын, яғни 3,3 млн дананы құрады. Еуропада (65 пайыз, 2,3 млн-ға дейін) және АҚШ-та (екі еседен 630 мыңға дейін) да электромобильдер жоғары көрсеткішпен сатылды. Қытайлық электромобиль нұсқалары басқа нарықтарға қарағанда ықшам. Бұл өндіріс шығындарын төмендетіп қана қоймай, дәстүрлі автомобильдермен салыстырғанда



## Мультимедиалық контентті тарататын құрылғы

Бүгінде ақпараттық технологиялар арқасында барлық салаларда ақпараттандыру үрдісі жүріп жатыр. Сандық индустрияны дамыту барлық басқа салаларға серпін береді. Сондықтан мемлекет IT саласын дамыту мәселесін шешуі керек. «Wi-Fi желісі көмегімен мультимедиалық контентті мобильді қондырғыларға автономды ақпараттық жүйе арқылы жеткізу» жобасы денсаулық сақтау, білім беру және басқа да салаларда жаңа цифрлық қызмет түрін қалыптастыруға үлес қоспақ.



Мультимедиалық контентті сымсыз желі интерфейсі қолдана отырып жеткізу жүйесі – арзан, қарапайым және ыңғайлы тәсіл. Мысалға, базалық нұсқада аппараттық платформаға орналастырылған жүйе мультимедиалық контентті лекция немесе семинарда отырған студенттердің мобильді құрылғыларына жеткізе алады. Аталған құрылғының артықшылығы – мобильді, салыстырмалы түрде бағасы қымбат емес, баптауы қарапайым. Өйткені жүйені пайдалану үшін мобильді құрылғыға арнайы мамандандырылған бағдарлама орнатудың қажеті жоқ.

Бұл жобаны іске асыру барысында алынған нәтижелер «Цифрлық Қазақстан» саясатын іске асыруда ақпараттық технологияларды дамытуға сөзсіз оң әсерін тигізеді. Себебі бәсекеге қабілетті кадрларды даярлауға, ел экономикасын дамытуға ықпал етіп, ғылыми әлеуетті және ғалым мәртебесін нығайтады. Ұсынылған жоба – мультимедиалық контентті кез келген мобильді қондырғы арқылы ноутбук, планшет, смартфон, ТВ экран және тағы сол секілді басқа мобильді қондырғыларға Wi-Fi желісі көмегімен жеткізуге арналған инновациялық әдіс. Өйткені Wi-Fi желісі арқылы мультимедиалық контентті мобильді құрылғыларға жеткізу – жаңаша сұранысқа ие әдіс.

Мұндай құрылғыны орта мектептен бастап, ЖОО дейінгі білім беру мекемелерінен бөлек, конференция, семинар, тренингтер ұйымдастыратын орындар да пайдалана алады.

Кәмила ДҮЙСЕН

# Электрлі көліктерге арналған QUAT POINT станциясы

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ғалымдары Т.Ғ.К. Р.Өтебаевтың басшылығымен университеттің ғылымды қажетсінетін технологиялар кластерінің базасында электромобильдерді зарядтау проблемасын шешу үшін 2015 жылы электромобильдерді баяу зарядтауға арналған зарядтау станцияларын өндіру технологиясын әзірледі.

2017 жылдан бастап Қазақстан аумағында 50-ден астам QUAT POINT станциясы орнатылды. Бүгінгі таңда зарядтау станциясына патент қолданылады.

Технологияны жасаушылар алғаш рет 2014 жылы электромобильге көшті. Содан бері электр машинасы тұрақты негізде жұмыс істейді және оны зарядтау станцияларында зарядтайды. Электромобильді пайдаланудың жеті жылдық тәжірибесі бұл шынымен экологиялық таза және үнемді көлік түрі екенін көрсетті. Бір электромобильде шамамен 100 000 шақырым жүріп өтіп, шамамен 10 тонна бензин сақталды. Бірақ салыстырғанда шамамен 20 000 кВт\*сағ. электр энергиясын өндіру үшін 8 тонна көмір жұмсалады. Алайда электромобиль тұтынылған электр энергиясын шығынсыз жұмсайды. Жанар-жағармай арқылы жүретін көліктермен салыстырсақ, 10 тонна бензин өндіруге кемінде 30 000 кВт\*сағ. электр энергиясы жұмсалады, яғни электромобиль жарататын энергиядан әлдеқайда көп.

2021 жылдың аяғында әлемдегі жолдардағы электромобильдердің саны шамамен 16,5 млн болды, бұл 2018 жылмен салыстырғанда үш есе көп. Бұған Халықаралық энергетикалық агенттіктің (IEA) 2022 жылдың мамыр айында жарияланған мәліметтері дәлел бола алады.

Дүниежүзілік статистикаға сүйенсек, 2021 жылы электромобильдерді сату 2020 жылмен салыстырғанда екі есе өсті және 6,6 миллион жаңа рекордқа жетті. Логистикалық кедергілерге қарамастан, сатылым 2022 жылы да белсенді өсуде: бірінші тоқсанда әлемде 2 миллион электромобиль сатылды, бұл 2021 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 4/3 бөлікке көп.

Көптеген нарықтарда электромобильдерді жоғары сатудың негізгі себептерінің бірі – тұрақты мемлекеттік қолдау. Ал субсидиялар мен ынталандыруларға арналған жалпы мемлекеттік шығындар 2021 жылы екі есе артып, шамамен 30 миллиард долларды құрайды.

Мәселен, Қытайда электро-



бағасын едәуір арзандатуға мүмкіндік берді. Қытайдағы электромобильдің орташа бағасы басқа ірі нарықтардағы орташа есеппен 45-50 пайызбен салыстырғанда дәстүрлі ұсыныстарға қарағанда 10 пайызға жоғары болды. Керісінше, дамып келе жатқан экономикасы бар көптеген елдер электромобильдерді сату бойынша артта қалып отыр. Өйткені көбінесе мұндай елдерде санаулы модельдер ғана бар және олардың бағасы жаппай тұтынушы үшін қолжетімді емес.

2021 жылдың қорытындысы бойынша электромобильдердің жаһандық сатылымы екі есеге артып, 4,6 млн бірлікке жетті. Бұл гибридіті автомобильдердің санын басып озған алғашқы жағдай. Бұған 2022 жылдың сәуірінде жарияланған жапондық Mark Lines зерттеу компаниясының мәліметтері дәлел бола алады.

Гибридіті автомобильдердің сатылымы 2021 жылы 35 пайызға өсіп, шамамен 3,1 млн дананы құрады. Ал электромобильдердің сатылымы 2019 жылмен салыстырғанда үш есе өсті.

Электрлі көліктерге деген негізгі сұраныс, әсіресе, Қытайда бірден артты. Қытайлық автоөндірушілер қауымдастығының мәліметтері бойынша, 2021 жылы жаңа электромобильдердің сатылымы 2020 жылмен салыстырғанда 2,6 есе өсіп, 2,91 миллион бірлікті құрады. Бұл жағдайда мемлекеттік субсидиялар мен арзан модельдерді шығару тұтынушыларды электрлі машиналарды сатып алуға итермеледі.

Бұл технологияны енгізудегі басты проблемалардың бірі – адамдардың электромобильді көлік және зарядтау инфрақұрылымы туралы аз хабардар болуы. Электромобиль тұтынушыларымен кездесу кезінде үнемі білім


беру жұмыстарын жүргізу қажет екеніне көз жеткіздік.

Өткен жылы ҚазҰУ, «Үчет» және ТНЕА компаниялары бірлесіп «Электромобильдер және инфрақұрылым» конференциясын өткізген болатын. Шара барысында «Үчет» компаниялар тобының негізін қалаушы Максим Барышев Қазақстанда 500-ге жуық электромобиль бар екеніне тоқтала келе: «2015-16 жылдары электромобильдер тек энтузиастар мен қоршаған ортаның тазалығы үшін белсенді күресуге дайын адамдар арасында пайда болды. Көбінесе бұл жалғыз емес, бірінші емес, тіпті отбасындағы екінші көлік емес. Мен көлік сатып алғанда оны телефон сияқты зарядтауға болады деп ойладым – әдеттегі розеткадан. Кейін мен жерге қосылған розетка қажет екенін білдім, ал Алматыда мұндай розеткалар өте аз. Басында қалада бір қоғамдық электрқуаты болды, оған қоса,



# Ұлы ұстаз өсиетін жалғастырған ғалым

**Жұмаділ Байғұншеков 1947 жылы 8 шілдеде Жамбыл қаласында дүниеге келді. Қазақ орта мектебін Жамбыл облысы Қордай ауылында күміс медальмен бітірді. 1966 жылы Қазақ политехникалық институтына оқуға түсіп, оны 1971 жылы инженер-механик мамандығы бойынша үздік бітіріп шықты. Институт қабырғасында сол кезде оқу істері жөніндегі проректоры болған Өмірбек Жолдасбековтен машиналар және механизмдер теориясы пәнінен дәріс алды. Өмірбек Арысланұлымен Жұмаділ Байғұншековтің бұл кездесуі оның өмірлік ғылыми бағдарын айқындап берді.**



1971 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің жаңадан тағайындалған ректоры Ө.Жолдасбековтің жетекшілігімен университетте «Машиналар және механизмдер теориясы» мамандығы бойынша стажер-зерттеуші қызметін атқарды. Аспирантурада оқыды, жазық жоғарғы класты механизмдердің аналитикалық кинематикасын зерттеумен айналысты. 1975 жылы Ұлыбританияның Тайндағы Ньюкасл қаласында өткен машиналар және механизмдер теориясының Халықаралық федерациясының (IFToMM-ның) IV дүниежүзілік конгресінде «Жоғарғы класты және ретті Ассур топтарының кинематикасы» тақырыбы бойынша ғылыми баяндама жасады. Бұл Жұмаділ Жаңабайұлының халықаралық деңгейдегі алғашқы баяндамасы, ғылыми еңбегі болатын. 1977 жылы «Жоғарғы класты механизмдердің кинематикасын талдаудың аналитикалық әдістері» тақырыбынан кандидаттық диссертация қорғап, ҚазМУ-дың Қолданбалы механика кафедрасының аға оқытушысы, доценті қызметін атқарды.

Академик Өмірбек Жолдасбековтің ұсынысы бойынша 1981 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясының Математика және механика институтында «Механизмдер теориясы және машиналарды басқару» ғылыми зертханасы құрылып, Жұмаділ Жаңабайұлы осы ғылыми зертхананың меңгерушісі болып тағайындалды. «Жұмаділ менің жоғарғы класты механизмдер саласындағы ғылыми бағдарламды жалғастыратын бірден-бір талантты шәкіртім», – дейтін академик Өмірбек Арысланұлы. Ұстазының жазық жоғарғы класты механизмдер ғылыми бағдар-

ламасын жалғастырып, Жұмаділ Байғұншеков көп еркіндік дәрежелі жазық және кеңістік жоғарғы класты механизмдер мен манипуляторлар ғылыми бағдарламасын қалыптастырды.

Олакадемик Өмірбек Жолдасбековтің шәкірттері арасында бірінші болып 1985 жылы «Жоғарғы класты механизмдерді талдау мен синтездеудің сандық әдістері және оларды жаңа тиегіш-түсіргіштер мен манипуляторларда қолдану» тақырыбында докторлық диссертация қорғады. Ғылыми еңбектері IFToMM-ның VI (Нью-Дели қаласы, Үндістан, 1983 жыл) және VII (Севилья қаласы, Испания, 1987 жыл) дүниежүзілік конгрестерінде баяндалып, баспада жарияланды. 1989 жылы машинажасау саласында жасаған жемісті ғылыми-техникалық еңбектері үшін Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының сол кездегі ең жас мүшесі-корреспонденті болып сайланды.

Жұмаділ Жаңабайұлы Өмірбек Арысланұлының жетекшілігімен Математика және механика институтында «Машинажасау» ғылыми-техникалық кешенін, «Манипулятор» техникалық бірлестігін құруда және осы ұйымдар мен көрнекті ғалымдар – механиктер, академиктер Жақан Ержанов және Шмидт Айталиев басқаратын механика бөлімінің негізінде ҚР ҒА-ның жаңа Механика және машинатану институтын құруда үлкен жұмыс атқарды. 1991-96 жылдары осы институт директоры Ө.Жолдасбековтің ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары, 1997-2002 жылдары директоры қызметін атқарды. 1992 жылы ғылым мен техниканы дамытудағы ерен еңбегі үшін Халықаралық және Ресей инженерлер одағының В.Г.Шухов атындағы алтын меда-

лімен марапатталды, ал 1993 жылы Қазақстан Республикасы Инженерлік академиясының академигі болып сайланды. Осы жылдары Жұмаділ Жаңабайұлы IFToMM-ның IX (Милан қаласы, Италия, 1995 жыл), X (Оулу қаласы, Финляндия, 1999 жыл) дүниежүзілік конгрестерінде ғылыми баяндамалар жасады. 2000 жылы ҚР ҒА-ның Механика және машинатану институтының директоры Ж.Байғұншеков басқарған ғылыми кеңесінің ұсынысы негізінде осы институтқа ҚР Білім және ғылым министрлігінің қаулысымен академик Ө.Жолдасбеков аты берілді.

2017 жылдың қараша айында Жұмаділ Байғұншеков Эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Цифрлық технологиялар және робототехника» ғылыми-білім беру орталығының директоры қызметіне тағайындалды. Орталықтың негізгі мақсаты – мехатроника және робототехника ғылыми салалары бойынша ғылыми-білім беру мен зерттеу жұмыстарын жүргізу. Жұмаділ Жаңабайұлы осы ғылыми салалар туралы былай дейді: «Мехатроника заманауи механика (оның ішінде машиналар механикасы), электроника және ақпараттық технологиялар салаларындағы іргелі және қолданбалы зерттеулерді біріктіретін күрделі сала болса, робототехника осы мехатрониканың негізгі бөлімі және ол цифрлық, адди-

тивті технологиялармен бірге қазіргі дүниежүзілік Индустрия 4.0 концепциясының негізін құрайды. Әлемдік робототехникада сервистік роботтарға көп көңіл бөлініп жатса, өндірістік робототехникада параллель роботтар қарқынды дамып келе жатыр. Параллель роботтардың өндірісте қолданылып жүрген сериялық немесе антропоморфты роботтарға қарағанда жүк көтергіштігі, позициялау дәлдігі және жұмыс істеу жылдамдығы жоғары. Біздің орталықта RoboMech класты параллель манипуляторлар және үш аяқты параллель роботтар (триподтар) зерттелуде. RoboMech класты параллель манипулятор-роботтардың да, механизмдердің де қасиеттеріне ие жаңа түрдегі манипуляторлар. Ал үш аяқты параллель роботтар қазіргі өндірісте қолданылып жүрген алты аяқты параллель роботтарға (гексаподтарға) қарағанда техникалық және экономикалық жағынан тиімді.

Қазіргі уақытта электронды, интеллектуалды жүйелері бар әртүрлі қондырғыларды роботтар қатарына жатқызып жүр, мысалы, робот-шаңсорғыш, робот-терезе жуғыш және тағы басқалар. Америка және Жапония робототехника институттарының анықтамалары бойынша роботтардың программалар бойынша жұмыс істейтін негізгі механизмдері немесе манипуляторлары болуы қажет. Жапон-

дықтар сонымен қатар роботтар қатарына бір еркіндік дәрежесі бар механизмдерді немесе автооператорларды да жатқызады. Осындай автооператор – манипуляторларды олар басқару жүйелері кірістірілген интеллект (inserting intelligence) роботтар деп атайды. Аталған интеллектуалды манипуляторлар сенімді және олар өте жоғары жылдамдықтарда жұмыс істейтін автоматты машиналарда пайдаланылады. RoboMech класты параллель манипуляторларды осындай интеллектуалды роботтар қатарына жатқызуға болады. Сондықтан Қазақстанда әлемдегі алуан түрлі роботтар өндірілмесе де, біздің заманауи робототехникадағы орнымыз RoboMech класты интеллектуалды роботтарды зерттеумен анықталады. Жаңадан қалыптасқан RoboMech класты параллель манипуляторлар академик Өмірбек Жолдасбековтің жоғарғы класты механизмдер теориясына негізделіп, оның жалғасы болып табылады. Ұлы ұстаз өсиетін жалғастырып жатқанымызды мақтаныш етеміз».

Академик Жұмаділ Байғұншековтің RoboMech класты параллель манипуляторлар ғылыми бағдарламасына арналған зерттеулері халықаралық деңгейде орындалуда. Ол IFToMM-ның Robotics and Mechatronics Техникалық комитетінің және Халықаралық инженерлер қауымдастығының (IAENG-ның) мүшесі болып сайланды. Дрезден техникалық университетінде (Германия), Мидлсекс және Ноттингем университеттерінде (Ұлыбритания) шақырылған профессор қызметін атқарды. Жетпістен аса дүниежүзілік конгрестерде, халықаралық симпозиумдар мен конференцияларда баяндамалар жасады. 400-ден аса ғылыми жұмыстар жариялап, 80-ге жуық патент алды. Оның ғылыми жетекшілігімен 10 ғылым докторы, 20 ғылым кандидаты және екі PhD докторы даярланды.

Жұмаділ Байғұншековтің ғылыми-білім беру саласындағы ерен еңбегі ескеріліп, ҚР ҒА-ның 75 жылдық мерейтойында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жарлығымен «Парасат» орденімен марапатталды.

**Мақсат ҚАЛИМОЛДАЕВ,**  
ҚР ҒА-ның академигі

**Эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің химия және химиялық технология факультетінің «6В07104 – Органикалық заттардың химиялық технологиясы» мамандығында оқитын 1-курс студенттері оқу бағдарламасына сай, Физикалық химия, катализ және мұнай-химия кафедрасының доценті Жәния Ешованың жетекшілігімен екі апталық оқу тәжірибесінен өттік. Негізгі мақсат – студентке болашақтағы ғылыми-зерттеу бағытын дербес анықтауына мүмкіндік беретін алғышарт қалыптастыру.**

Тәжірибе барысында Эл-Фараби кітапханасы мен ҚР Ұлттық кітапханасына экскурсия жасап, мол рухани азыққа кенеліп қайттық. Жас ұрпақты тәрбиелеуде кітапхананың орны ерекше. Бүгінгі ұрпақ – ертеңгі ел тұтқасы.

Қазақ ұлттық университетінің асыл мұрасы, қасиетті мекенінің

бірі – Эл-Фараби кітапханасы. Мектеп қабырғасында жүрген кезде осы кітапханадан кітап алып оқу, жеке тұлға ретінде дамып, биік белестерді бағындыру біздің арман еді. Міне, сол арманымыз орындалды. Кітапхана қазіргі заманға сай, жеке тұлғаның білім алуына жан-жақты жағдай жасалған. Бір сөзбен айтқанда, бар мүмкіндіктің тоғысқан жері. Тек оқу залдары ғана емес, түрлі конференц-залдар жұмыс істейді. Мысалы, Абай атындағы зал қандай тамаша! Тұңғыш Президент құрметіне ашылған залдың мазмұны кең. Сол сияқты магистранттарға, шығармашылыққа арналған залдар көз тартады.

Кітапханада атақты Аристотельден кейінгі екінші ұстаз – ұлы ғалым Әбу Насыр әл-Фарабидің құрметіне арнайы мұражай ашылған. Мұражай ерекше көркем, ұлы ойшыл дәуірінде жүргендей сезімде боласың. Тағы бір атап өтетіні,



әлем елдерінің мәдениеті мен дүниетанымынан мәліметтер алу үшін арнайы сайт ашылған. Soft Books, Qazaq University, Begell, Aknur press, Эпиграф, E.lanbook, Digital Library, Wiley, IEEE Xplore,

Polpred.com, Springer, Scopus сияқты сайттармен тікелей жұмыс істеп, студенттер мен оқытушыларға өзінің пайдасын тигізеді. Осы жерде қазақтың тағдыры үшін жанын қиған зиялылары-

мыздың өмірімен таныстық. 1913-18 жылдар аралығындағы «Қазақ» газетінің түпнұсқасын өз көзімізбен көріп, алған әсерімізді сөзбен жеткізу мүмкін емес.

Ал Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасы – еліміздегі ірі кітапханалардың бірегейі. Мұнда 7 миллионға жуық кітап қоры сақталған. Ұлттық кітапхананың тұңғыш директоры, мемлекет қайраткері, Алаш қозғалысының идеясы мен тұжырымдамасын жүзеге асыруға атсалысқан – Ораз Жандосов. Кітапхана күні бүтінге дейін қазақтың және елімізде өмір сүріп жатқан өзге халықтардың жазба мәдениетін жинақтап сақтаушы қызметін атқарып келеді. Кітапханадағы өнер залы өзіме ерекше ұнады. Ән өнерінің бұлбұлы Бибігүл Төлегенованың орындауында «Гәккү» әнін біз осында жанды дауыста естідік.

**Инеcса ЛЕГКАЯ,**  
химия және химиялық технология факультетінің 1-курс студенті


# Ақаев дәрісінде ауқымды мәселелер айтылды



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Қырғыз Республикасының Тұңғыш Президенті, Ресей ғылым академиясының академигі, М.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті жанындағы Күрделі жүйелерді математикалық зерттеу институтының бас ғылыми қызметкері, профессор Асқар Ақаев көшбасшылық дәріс оқыды.

Көшбасшылық дәрістен кейін білім ордасының басшысы Жансейіт Түймебаев академик Асқар Ақаевқа Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Құрметті профессоры» атағын табыстады.

Суреттерді түсірген Марат ЖҮНІСБЕКОВ



## ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы  
Қазақ ұлттық университеті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық  
университетінің  
Басқарма Төрағасы – Ректоры  
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Ақпарат және коммуникациялар  
департаментінің директоры  
Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ

Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ

Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН,  
Кәмила ДҮЙСЕН,  
Нұрбек НҮРЖАНҰЛЫ

Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ

Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

## МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71,  
ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме.  
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-28,  
тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:  
kaznugazeta@gmail.com

Газет редакцияның компьютер орта-  
лығында теріліп, беттелді.  
«Everest» баспаханасында басылды.

Бағасы келісім бойынша.

Газетке жазылу индексі: 64787

Таралымы – 1000

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.